



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

19.04.2021 № 237

Ақтөбе қаласы

город Актобе

№7

**Білім беру саласындағы коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта атау туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 6-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Ақтөбе облысы әкімдігінің 2021 жылғы 12 наурыздағы № 77 «Мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғыларын (ережелерін) бекіту жөніндегі уәкілеттіктер беру туралы» қаулысына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ғ.Ақтаев атындағы № 6 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ғ.Ақтаев атындағы № 6 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын (ережесін) әзірлесін және «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне бекітуге ұсынсын;

2) осы қаулыны мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін;

3) осы қаулыдан туындайтын басқа да қажетті шараларды қабылдасын.

3. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

Сериялық нөміріз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕН ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕНКЕ АЛЫНАДЫ. Бланк без сериялігі номері НЕДІСТІВІТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

021990

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің білім мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Ақтөбе облысының әкімі**



**О. Оразалин**